

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 маусымдағы N 2333 Заң күші бар Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 10 қаңтардағы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 3, 47-бап):

1) 11-бапта:

баптың атауы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда берілсін:

"11-бап. Азаматтардың медициналық жәрдемге құқығы

Азаматтардың мемлекеттік денсаулық мекемелерінде кепілді көлемде тегін медициналық жәрдем алуға құқығы бар";

бап мынадай мазмұндағы жаңа екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Меншік нысанына қарамастан емдеу-профилактикалық мекемелерінде ақылы медициналық қызмет көрсетудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді";

екінші және үшінші бөліктер тиісінше үшінші және төртінші бөліктер болып саналсын;

2) 34-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда берілсін:

"Медициналық сақтандыру Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау жөніндегі мүддесін әлеуметтік қорғау нысаны болып табылады";

үшінші бөлік "Міндетті медициналық сақтандыруға арналған қаржылар" сөздерінен кейін "міндетті медициналық сақтандыру қорын құрайды және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті" сөздерімен толықтырылсын", белгіленген" сөзі "белгілеген" сөзімен алмастырылсын;

3) 37-баптың екінші тармағындағы "мүдделі" сөзі "сақтандырылған" сөзімен алмастырылсын;

4) 39-бапта:

бірінші бөлігі "диплом" сөзінен кейін "немесе сертификат" сөздерімен толықтырылсын;

бап мынадай мазмұндағы жаңа үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жаппай емдеу сеанстарын өткізуге, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып ем жүргізуге тыйым салынады.

Емшілікпен (емдеумен) заңсыз айналысқан адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады";

үшінші және төртінші бөліктер тиісінше бесінші және алтыншы бөліктер болып саналсын;

5) 46-бап мынадай мазмұндағы жаңа екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке медициналық практика халыққа профилактикалық, диагностикалық, емдік көмек көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрінің бірі болып табылады және Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдармен реттеледі";

екінші және үшінші бөліктері тиісінше үшінші, және төртінші бөліктер болып саналсын;

б) мынадай редакциядағы 47-1 баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың құқығы"

Жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың:

халыққа профилактикалық, диагностикалық және емдік көмек көрсетуге; көрсетілетін медициналық қызметке баға белгілеуге;

медициналық қызметкерлер жалдауға, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін шарттармен олардың еңбегіне ақша төлеудің нысандары мен мөлшерін белгілеуге;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіппен дәрі-дәрмек алу үшін рецептер жазуға және анықтамалар беруге құқығы бар";

7) 48-бапта:

баптың атауы мынадай редакциямен берілсін:

"48-бап. Мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерінің міндеттері"

"Емдеу - профилактикалау" және "қолайлы" сөздері тиісінше "Мемлекеттік емдеу - профилактикалық" және "тегін, қолайлы" сөздерімен алмастырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

" 48-1-бап. Жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың міндеттері"

Жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар:

халыққа көрсетілетін профилактикалық, диагностикалық, және емдік көмектің барлық түріне лицензиясы болғанда ғана медициналық қызметті жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен санитарлық-эпидемияға қарсы нормалар мен емдеу-профилактикалық мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру ережелерін басшылыққа алуға;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қолдануға рұқсат еткен диагностикалық, профилактикалық және емдеу әдістерін, дәрілік заттарды қолдануға;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуге және жергілікті денсаулық сақтау органдарына жыл сайын есеп беруге;

кәсіби міндеттерін атқару үстінде өздеріне мәлім болған азаматтардың сырқаты, оңаша және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жарияламауға міндетті. Мұндай ақпаратты жария етуге осы Заңда көзделген жағдайларда ғана жол беріледі;

денсаулық сақтау органдарына соз ауруларымен, алапес, микроспория, трихофития, қотыр, жүйке ауруларымен наукастану жағдайларын; ішкі істер органдарына - жаңа ғана алған зақымдары мен жарақаттары жөнінде келген адамдар туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті";

9) 52-баптың бірінші бөлігіндегі "дәрігер" сөзі "немесе фельдшер" сөздерімен толықтырылсын;

10) Заңның қосымшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жаппай ем жүргізу - емдеудің дәстүрлі емес әдістерімен бір мезгілде 12-ден астам адамға ем жүргізу және сауықтыру".

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы , 1984 ж., N 14 (қосымша), 1987 ж.,N 2, 19-бап; 1988г., N 35, 324-бап: 1989 ж., N 27, 208 -бап, N 50-51, 458; 1990 ж., N 12-13, 114-бап, N 44, 410-бап, N 48, 445-бап, N 49, 461-бап; 1991 ж., N 25, 318-бап; 1992 ж., N 4, 98, 100-баптар, N 15, 380-бап, N 16, 400-бап; 1993 ж., N 9, 222-бап, N 20 , 468, 469-баптар; 1994 ж., N 15, 207-бап):

1) мынадай мазмұндағы 42-1-баппен толықтырылсын:

"42-1 бап. Фармацевтикалық және медициналық өнімдерді өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, жарнамалау, сату және қолдану тәртібін бұзу, заңсыз фармацевтикалық қызмет

Тіркелмеген, қолдануға рұқсат берілмеген дәрі-дәрмектік, диагностикалық, профилактикалық және косметикалық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техниканы емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен тағамдық қоспаларды

өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, сату және қолдану тәртібін бұзу, сондай-ақ фармацевтикалық қызметпен тиісті рұқсатсыз айналысу, егер бұлар адамның денсаулығы үшін ауыр зардаптарға әкеліп соқпаса.

азаматтарға үштен беске дейінгі және лауазымды адамдарға бестен он беске дейінгі ең төменгі жалақы мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады";

2) 213-баптың бірінші бөлігі "баптармен көзделген сөздерінен кейін "42-1" сандарымен толықтырылсын.

3) 248-1-баптың 1 бөлігінің он бірінші абзацында "КСР (45-47 баптары)" сөздері "Қазақстан Республикасы (42-1, 45-47) сөздерімен алмастырылсын.

3. Қазақ КСР-інің 1959 жылғы 22 шілдедегі Заңымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1959 ж., N 22-23, 177-бап):

мынадай мазмұндағы 209-1 және 209-2 баптарымен толықтырылсын:

"209-1 бап. Заңсыз фармацевтикалық қызмет

Бір жылдың ішінде тап сондай тәртіп бұзушылығы үшін әкімшілік жауапқа тартылған адамның тиісті рұқсатсыз фармацевтикалық қызметпен шұғылдануы.

мүлкі тәртіленіп немесе тәртіленбей бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына не болмаса белгілі бір лауазымды атқару яки белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып жиырмадан елуге дейін ең төменгі жалақы мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады.

Бұрын тап сондай қылмысы үшін сотталған адам жасаған немесе ауыр зардаптарға соқтырған тап сол әрекеттер.

мүлкі тәртіленіп немесе тәртіленбей белгілі бір лауазымды атқару яки белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандылығынан айыруға жазаланады.

209-2 бап. Дәрі-дәрмектік, диагностикалық, профилактикалық және косметикалық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техниканы, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен тағамдық қоспаларды өндіру, сатып алу және сату тәртібін бұзу

Дәрі-дәрмектік, диагностикалық, профилактикалық және косметикалық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техниканы, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен тағамдық қоспаларды өндіру, сатып алу және сату тәртібін тап сондай тәртіп бұзушылығы үшін әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылғаннан кейін бұзу, -

заңсыз шығарылған медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техника, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен тағамдық қоспалар және оларды өткізуден заңсыз алынған табыстары тәргіленіп, белгілі бір лауазымды атқару яки белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бір жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына жазаланады.

Бұрын тап сондай қылмысы үшін сотталған адам жасаған немесе ауыр зардаптарға соқтырған тап сол әрекеттер, -

заңсыз шығарылған дәрі-дәрмектік, профилактикалық және косметикалық заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техника, емдеу-профилактикалық тағам өнімдері мен тағамдық қоспалар және оларды заңсыз өткізуден алынған өнімдер тәргіленіп, белгілі бір лауазымды атқару яки белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып екі жылдан бастап бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ